Ұлы ойшыл Әль – Фараби «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» - деген сөз дәлелмен айтылса керек.

Бүгінгі таңда жасөспірімдер арасында, яғни мектеп жасындағы балалардың әртүрлі қылмысқа баруының себебі неде? Қайткенде қылмысты алдын алуға болады?

Бұған отбасындағы тәрбиенің аздығы әсер етеді деп ойлаймын. Елбасымыз жыл сайынғы халыққа арнаған Жолдауында мектеп оқушыларының біліміне, жалпы ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, мұндай міндетті атқаруға мұғалімдерге қатаң жауапкершілік жүктеді.

Мұғалімдер балаға тек білім беруді ғана мақсат етіп қоймайды, ең алдымен оның ертеңгі күні жан-жақты толыққанды азамат болып шығуына ерекше көңіл бөледі. Алайда неліктен жасөспірімдер арасындағы қылмыс бәсеңдер емес? Менің ойымша балалаға ұлттық тәрбие беруде отбасының ролі ұмыт қалған тәрізді. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің деген, «Отан-отбасынан басталады», - десек ең алдымен балаға тәрбие негізі отбасында қаланады. Тәртіп бар жерде теңдік орнайды, теңдік бар жерде ешкімде шет қалмайды. Жасөспірімдер қылмысына қарсы тұрудың ең тиімді жолы – ол педагогикалық ұжым мен ата-аналар, қамқоршылық кеңестері мен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің бірлескен өзара тығыз әрекеті.

Жалпы алғанда еліміздің әр баласы – мемлекеттің болашағы. Олардың тәрбиесіне, құқығына, қауіпсіздігіне, өміріне мән беріп, бос уақытын қалай өткізетіндігіне назар аудару керек. Балалардың өміріне қатысты барлық жағдайлар елеусіз қалмауы тиіс. Өйткені баланың өмірі мен тағдыры, сауатты білім алуы бәрінен қымбат. Оның қалыптасуына, өмірде дұрыс адам болып өсуіне қоғам болып ат салысуымыз қажет. Ең бастысы, кез келген баланы қылмыс әлемінен алшақтатудың, соның құрығынан құтқарудың жолдарын табуына Сіздерді құрметті ата – аналар үлес қосуға шақырамын! - деп сөзін сабақтады.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз алған директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А. Тілен Баланың өмірі бәрінен де қымбат» тақырыбында балалардың қауіпсіздігі туралы, соның ішінде балалардың тәрбиесіне немқұрайлы қарайтын ата – аналардың жауапкершілігі туралы баяндап, жиналысқа қатысқан ата – аналарға «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» тақырыбында ата – аналарға сауалнама беріп, «Кәмелетке толмағандар мен ата – аналарға, заңды өкілдеріне құқықтық көмек» тақырыбында брошюралар таратып, өз ой – пікірін баяндады.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз алған мектеп тәлімгері Л. Амирбекова ата – аналардың құқықтық сауаттылығын көтеру мақсатында ата – аналардың құқықтары мен міндеттері туралы баяндап, мектепшілік ереже мен жарғыларымен таныстырып өтті. Ол өз сөзінде оқушылардың, ата – аналардың құқықтары мен міндеттері, яғни мектепте күнделікті сабаққа қатысты заттарды түгел

алып келу және сабаққа қатысы жоқ заттарды мектеп ауласына кіргізбеу, сабаққа фото аппараты, бейне камерасы бар (смартфон) ұялы телефондарды алып келмеу, ұстамау, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығындағы екінші бөліміндегі орта білім беру ұйымдарындағы міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтау, құқық бұзушылықтың немесе келеңсіз оқиғалардың куәсі болған жағдайда шұғыл тиісті мекемелерге хабарлау, сабақтан тыс уақытта салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында үйірмелерге қатысу, мектеп мүлкіне қамқорлықпен қарау, бөгде тұлғалармен мейлінше қарым-қатынас жасамау, жолда жүрген уақытта жол ережелерін қатаң ұстану, тиым салынған әлеуметтік желілерді пайдаланбау, кешкі сағат 22:00-ден кейін ойын-сауық орталықтарына, 23:00-ден кейін үй ауласынан тыс жерлерде ата-аналарының ертіп жүруінсіз жүрмеу т.б. туралы айтып өтті.

Сөз алған ата – аналар кеңесінің төрағасы Қ. Әлікүл жасөспірімдерді қылмысқа итермелейтін, ол зиянды әдеттер. Отбасы адамзат қоғамының ең шағын бейнесі. Сондай – ақ жасөспірімдерді қылмысқа итермелейтін нәрсе – әлеуметтік жағдай немесе қиын тұрмыс. Сондықтан да болашақта әлеуеттілікке жеткізетін бірден бір жол – білім жолы, ақыл, жігерлілік, еңбекқорлық дегім келеді деп сөзін сабақтады.

Жарыссөзге 3 адам шығып сөз сөйлеп, өз ой – пікірін білдірді.

Сөз алған мектеп директоры А.Қамбарова жиналысты қорытындылай келе жасөспірімдер арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу жолдарының бірі, сол, оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, пайдалы іспен айналыстыру, яғни қосымша сабақтарға тарту, үйірме жұмыстарына тарту, мектеп пен ата – аналардың арасындағы байланысты дұрыс жолға қою, сонымен қатар салауатты өмір салтын қалыптастыру, спортпен шұғылдандыру деп сөзін қорытындылады.

Қаулы етеді:

1. 2023 жылы құқық бұзушылықтың алдын алу профилактикасы бойынша атқарылған жұмыстар қанағаттанарлық деп табылсын және алда атқарылатын жұмыстар жүзеге асырылсын.
2. Балалардың тәрбиесіне немқұрайлы қарайтын ата – аналардың жауапкершілігі арттырылсын.
3. Мектеп пен ата – аналар арасындағы байланыс күшейтілсін.
4. Мектепшілік ереженің сақталуы қатаң бақылауға алынсын.

Жиналыс төрағасы:  А.Қамбарова

Хатшысы:  Ж. Амирбекова



№117 «Алтынтөбе» жалпы орта білім беретін мектебінде ата – аналар арасында кәмелетке толмаған балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізу туралы

Хаттама № 1

15.09.2023 ж

Шымкент қаласы

Қатысқандар:

Ата-аналар: 58

Мектеп әкімшілігі

Ата – аналар кеңесінің төрағасы

Күн тәртібінде:

1. Кәмелетке толмаған балалардың құқығын қорғау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ата – аналар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізу .

/ Баяндамашы: А.Тілен/

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз алған мектеп директоры А.Қамбарова мектепте мектеп әкімшіліктері тарапынан балалардың құқығын қорғау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары күшейтілгенін, «Дабыл»(тревожный кнопка) батырмаларының, турниктердің, мамандандырылған күзеттің, мектептің ішкі тәртіп қағидаларында және мектеп жарғыларында мектеп ғимараттары мен аумағында бөгде адамдардың жүрмеу тәртібінің болуы, бейнебақылау ішкі, сыртқы камералардың талапқа сай болуы қамтамасыз етілгенін, Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жауапты қызметкерлер болып директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Ж. Сатханбаев, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А. Тілен, шаруашылық меңгерушісі Г. Мейрманкулова бекітілгенін айтып өтті. Сонымен қатар өз балаларымыздың немен айналысып жатқандығын, олардың өмірі, қауіпсіздігін қатаң бақылауда ұстау қажеттігін, мейлінше ұялы смартфон телефонын ұстауға шектеу қоюға, кез – келген бейтаныс адамдардың сөздеріне сенбеуі, олардың алдап арбауына көнбеуі т.б. сөз етті.

Сөз алған ата – аналар кеңесінің төрағасы Қ. Әлікүл баламыз бауыр етіміз дегендей, әр отбасы өз балаларының келеңсіз жағдайға ұрынып қалмауын әрдайым есте ұстау керектігін баяндай келе, өз балаларымызға күнделікті ұқыпты қарап, қатаң бақылауда ұстап, қадағалап отыруымыз қажет екендігін, ұялы телефонның адамның денсаулығына кері әсер ететінін, зияны туралы түсіндіріп отыру керектігін, қазіргі таңда көп оқушыларымыздың келеңсіз жағдайға бой алдырып жатқаны осы ұялы смартфон телефонының әсері екені т.б. айтып өтті.

Жарыссөзге 5 адам шығып сөз сөйлеп, өз ой – пікірлерін білдіріп, балаларымыздың құқығын қорғау, қауіпсіздігі бірінші орында тұратынын, әр уақытта өз отбасымызда балаларымызды үнемі назарда ұстап, бақылауды күшейту қажеттігін айтып өтті.

Қаулы етеді:

1. Мектепте кәмелетке толмаған балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында түрлі іс – шаралар ұйымдастырылып отырылсын.
2. Оқушылар мен ата – аналар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырылсын.

Жиналыс төрағасы:  А.Қамбарова

Жиналыс хатшысы:  Л. Амирбекова

Шымкент қаласының білім басқармасының Коммунальное государственное
№117 «Алтынтобе» жалпы учреждение
орта білім беретін мектебі» «Общеобразовательная средняя
коммуналдық мемлекеттік мекемесі школа №117 Алтынтобе»
управление образования города Шымкент

160600 Шымкент қаласы, 293 кв, 5 ғимарат
тел: 8(7252)28-08-60
E-mail zhanbyrshy53 @ mail. ru

160600 город Шымкент, кв 293 , здание 5
тел: 8(7252)28-08-60
E-mail zhanbyrshy53 @ mail. ru

Бұйрық № **133**
2023 жыл 13 қазан
Шымкент қаласы

Приказ № **133**
2023 год 13 октябрь
город Шымкент

**Мектепте Балалардың қауіпсіздігін
қамтамасыз ету туралы**

Мектепте Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында **Бұйырамын:**

1. Мектепте мектеп әкімшіліктері балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары күшейтілсін. /Мектеп әкімшілігі/
2. Мектептегі бейнебақылау жүйесі бақылауға алынсын. / Г. Мейрманкулова /
3. Мектепте «Дабыл»(тревожный кнопка) батырмаларының, турникеттердің, мамандандырылған күзеттің, мектептің ішкі тәртіп қағидаларында және мектеп жарғыларында мектеп ғимараттары мен аумағында бөгде адамдардың жүрмеу тәртібінің болуы, бейнебақылау ішкі, сыртқы камералардың талапқа сай болуы қамтамасыз етілсін. / Г. Мейрманкулова /
4. Мектепте балалардың қауіпсіздік шараларын күшейту туралы мектеп ұжымы, күзетшілер, техникалық персоналдар хабардар етілсін. /Мектеп әкімшілігі/
5. Мектепте кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті және девиантты мінез – құлықты балалар анықталсын және сүйемелдеу бойынша педагог – психологтың жұмысы жандандырылсын, күшейтілсін. /Педагог – психолог М.Асельбаева/.
6. Мектепте ата – аналар арасында балалардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша түсіндіру ақпараттық жұмыстары жүргізілсін. / ДТЖОЖО А. Тілен, педагог ұйымдастырушы Ж. Укибаева, тәлімгер Л. Амирбекова, педагог – психолог М. Асельбаева, әлеуметтік педагог, 1- 11 сынып жетекшілері/
7. Мектепте Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жауапты қызметкерлер болып директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Ж. Сатханбаевқа, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А. Тіленге, шаруашылық меңгерушісі Г. Мейрманкуловаға міндеттелсін.
8. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:  А. Камбарова



Орындаған: А.Тілен
тел: 28 – 08 - 60

«Бекітемін»
Мектеп директоры  А. Камбарова



№ 117 «Алтынтөбе» жалпы орта білім беретін мектебінің Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында атқарылатын іс – шаралар жоспары

к/с	Атқарылатын іс – шаралар	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
1	Мектепте мектеп әкімшіліктері балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын күшейту	тұрақты	Мектеп әкімшілігі
2	Мектептегі бейнебақылау жүйесін бақылауға алу	тұрақты	Шаруашылық меңгерушісі Г. Мейрманкулова
3	Мектепте «Дабыл» (тревожный кнопка) батырмаларының, турникеттердің, мамандандырылған күзеттің, мектептің ішкі тәртіп қағидаларында және мектеп жарғыларында мектеп ғимараттары мен аумағында бөгде адамдардың жүрмеу тәртібінің болуын, бейнебақылау ішкі, сыртқы камералардың талапқа сай болуын қамтамасыз ету	тұрақты	Мектеп әкімшілігі Шаруашылық меңгерушісі Г. Мейрманкулова
4	Мектепте балалардың қауіпсіздік шараларын күшейту туралы мектеп ұжымы, күзетшілер, техникалық персоналдар арасында хабардар ету	қазан	Мектеп әкімшілігі
5	Мектепте кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті және девиантты мінез – құлықты балаларды анықтау және сүйемелдеу бойынша педагог – психологтың жұмысын жандандыру	тұрақты	Педагог психолог М.Асельбаева
6	Мектепте ата – аналар, оқушылар арасында балалардың құқығын қорғау, қауіпсіздік мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу	Ай сайын	А.Тілен Л. Амирбекова Ж. Укибаева М. Асельбаева Сынып жетекшілер
7	Мектеп фоесіне балалардың құқықтарын қорғау, қауіпсіздік мәселелері бойынша ақпараттық стенд ілу	тұрақты	Мектеп әкімшілігі

Орындаған: А. Тілен
тел: 28 – 08 - 60

18.10.2023 жылы № 117 «Алтынтөбе» жалпы орта білім беретін мектебінде мектептің жоғары 5 – 11 сынып оқушыларының ұл балаларымен «Кәмелетке толмағандар арасында нашакорлық, қылмыс пен құқық бұзушылықтың, аутодеструктивтік мінез - құлықтың, жыныстық тиіспеушіліктің, тұрмыстық зорлық – зомбылықтың, кибербуллингтің, электронды темекі/вейп тұтынудың алдын алу шаралары» бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу туралы жиналыстың хаттамасы

Жиналысқа қатысқандар:

ДТЖЖО А. Тілен

ҰҰЖ А. Қожаналиев

Тәлімгер Л. Амирбекова

5– 11 сынып оқушылар (ұлдар)

1. Кәмелетке толмағандар арасында нашакорлық, қылмыс пен құқық бұзушылықтың, аутодеструктивтік мінез – құлықтың, жыныстық тиіспеушіліктің тұрмыстық зорлық – зомбылықтың, кибербуллингтің, электронды темекі/вейп тұтынудың алдын алу шаралары туралы. /ДТЖЖО А. Тілен. /

Тыңдалды:

Сөз алған директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тілен А. жиналыс барысындағы күн тәртібімен таныстырды. Жасөспірімдер мен кәмелетке жасы толмағандар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың / төбелес, топтық төбелес, бұзақылық, қарулы қалыңдық, ұрлық, суық қару ұстау, бопсалау, әлімжеттік жасау, қорқыту, ақша талап ету т.б./ алдын алу, отшашу, пиротехникалық заттарды пайдалануға, автокөліктерді жүргізу, ұйымдасып кафе, тойханаларда, жеке үйлерде отырыстар ұйымдастыруға, кешкі, түнгі беймезгіл уақытта ойынханаларда отыруға, Заңды өкілдерінсіз, Яғни ата – анасыз көшеде жүруге қатаң тыйым салу және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тәрбие жүйесіндегі басты міндеттерді ұғыну, бала тәрбиесіне ата – аналардың жауапкершілігін арттыру, мектеп пен отбасы арасындағы байланысты нығайту, бала тәрбиесіне жан – жақты ықпал жасаудың тиімділігін арттыру туралы сөз қозғады. Сонымен қатар Әкімшілік және қылмыс жасаған адам 16 жасқа толса жауаптылыққа тартылатыны, бұл Қылмыстық кодекспен реттеледі. Ал ауыр және аса ауыр қылмыстар жасаған адамның жауапкершілігі 14 жастан басталады. Мысалы, егер адам бөтеннің мүлкін жасырын ұрласа ол ұрлық болады, ал бөтеннің мүлкін ашық тартып алса бұл тонау қылмысы болады. Қылмыстардың ең ауыры жасөспірімдердің жыныстық тиіспеушілігіне қарсы жасалған қылмыстар. Осыларды айта келе, жасөспірімдерге қатысты жасалынып жатқан құқық бұзушылықтар, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылықтар, нашакорлық алаңдатады, мектеп оқушылары арасында электронды темекі/вейп тұтынудың алдын алу мақсатында «Темекі шегу – денсаулыққа зиян», «Темекі шегу, ішімдік ішу, нашакорлық, зиянды әдеттерден аулақ болыңыз» тақырыптарында баяндама оқылып, талқыланып отырғаны туралы баяндап, Абай атамның «Сенде бір кірпіш дүниеде, кетігін тапта бар қалам» деген сөзін айтып өтті. Сонымен қатар аутодеструктивтік мінез – құлықтың алдын алу шараларына тоқталып өтті. Қазіргі таңда отбасы қиын кезеңді басынан өткізуде. Ажырау мен толық емес отбасылар, отбасындағы кризис, жасөспірімдер арасындағы қылмыс, қоғамдағы жат қылықтардың көбеюі, қазіргі кездегі отбасының жауапкершілігінің төмендеуі, заңсыз отбасын құру, некесіз баланың туылуы, тастанды бала т.б. қалыптасуына әкеліп соқты. Қазіргі кездегі отбасындағы бала тәрбиесінде ата – ананың жауапкершілігінің төмендеуінің салдарынан балаларымыз көше кезіп, қыздарымыз кезбелікке салынып, қаңғыбас бала саны көбейе түсуде. Отбасы тәрбиесінде әсіресе жастарымыздың мейірімділіктің, имандылықтың, адамгершіліктің төмендеуі салдарынан әртүрлі жағдайлар туындауда. Баланың бойына өз елінің салт – дәстүрін, ана тілін, дінін, мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу қажет. Соңғы жылдары елімізде адамдардың өз – өзіне қол жұмсауы жиі орын алуда. Көпшілікті алаңдатып отырған «Суицид» деп аталатын осы дерттің мектеп оқушыларын да жағалауы дабыл қағарлық. Балалардың бақытсыздығына, олардың өз-өзіне қол салу әрекеттеріне баруына көп жағдайда отбасындағы жайсыздық пен мектепте түсінбеушіліктің орын алуы себеп болады. Қазақ халқында өз-өзіне қол салу болған емес. Бұл заман өзгерісімен туындап отырған жағдай. Бүгінде қарасаңыз, толық емес, сәтсіз отбасылар көп. Осының бәрі өмірді әлі толық танып білмеген, ондағы қиындықтармен күресе алмайтын бала үшін ауыр соққы. Балалардың бақытсыздығына, олардың өз-өзіне қол салу әрекеттеріне баруына көп жағдайда отбасындағы жайсыздық пен мектепте түсінбеушіліктің орын алуы себеп болады. Балаларға жай ғана киімін, тамағын тауып беру аз, олар үнемі ата-ананың жылуын сезініп, жақсы

көретінін біліп өсуі тиіс. Ал әке-шеше өз дәрежесінде көңіл бөлмейтін бала ешкімге керексіздігін түсініп, психологиялық стресске тап болады. Әсіресе, 13-17 жас аралығындағы жасөспірімдер өте әсершіл, кез-келген нәрсені жүрегіне тез қабылдағыш келеді. Депрессиялық жағдайға түскен адам жиі агрессиялы (ұрысқа, қактығысқа бейім) болады. Сонымен бірге, оның агрессиясы бірінші кезекте өзіне, содан соң жақынына және қоршаған ортасына бағытталады. Көп жағдайда жакындары немесе қоршаған ортасы оның бойындағы өзгерістерді түсінбейді де, қабылдай да алмайды. Ал бұл оны көптеген тығырыққа тіреп, соны суицидке әкеліп соғады.

Депрессияға, стресске шалдыққан адам, өзіне көңілі ешқашан толмайды. Осыны пайдаланып, буыны бекіп, өмір туралы өзіндік дүниетанымы қалыптасып келе жатқан жастарды желкесінен алып, жолынан тайдыратын, үмітін үзетін, басқа түскен қиындықпен күресуіне жол бермейтін, өмірден түнілдіретін – осы суицид, - деп өз ой – пікірін білдірді


Жасөспірімдерді қылмысқа итермелейтін, ол зиянды әдеттер. Отбасы адамзат қоғамының ең шағын бейнесі. Сондай – ақ жасөспірімдерді қылмысқа итермелейтін нәрсе – әлеуметтік жағдай немесе қиын тұрмыс. Сондықтан да болашақта әлеуеттілікке жеткізетін бірден бір жол – білім жолы, ақыл, жігерлілік, еңбекқорлық дегім келеді деп сөзін сабақтады.

Жарыссөзге 4 оқушы шығып, өз ой – пікірлерін ортаға салып, оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға, оқушылардың бос уақытын тиімді, пайдалы іспен айналысуға шақырды

Сөз соңында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тілен А. жасөспірімдер арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу жолдарының бірі , сол , оқушылардың бос уақытын тиімді, пайдалы іспен айналыстыру, яғни қосымша сабақтарға тарту, үйірме жұмыстарына тарту, мектеп пен ата – аналардың арасындағы байланысты дұрыс жолға қою, сонымен қатар салауатты өмір салтын қалыптастыру, спортпен шұғылдандыру деп сөзін қорытындылады

Қаулы:

1. Кәмелетке толмағандар арасында нашақорлық, қылмыс пен құқық бұзушылықтың, аутодеструктивтік мінез – құлықтың, жыныстық тиіспеушіліктің, тұрмыстық зорлық - зомбылықтың алдын алу шаралары жүзеге асырылсын.
2. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану ісі қолға алынсын

Жиналыс төрағасы  А. Тілен

Жиналыс хатшысы:  Л. Амирбекова

20.10.2023 жылы № 117 «Алтынтөбе» жалпы орта білім беретін мектебінде мектептің жоғары 7 – 11 сынып оқушыларының қыз балаларымен «Кәмелетке толмағандар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың, нашакорлықтың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивтік мінез – құлықтың, жыныстық тиіспеушіліктің, тұрмыстық зорлық - зомбылықтың алдын алу шаралары» бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу туралы жиналыстың хаттамасы

Жиналысқа қатысқандар:

ДТЖОЖО А. Тілен
Педагог ұйымдастырушы Ж. Укибаева
педагог психолог М. Асельбаева
Тәлімгер Л. Амирбекова
ҚҰЖ Ж. Укибаева
7 – 11 сынып оқушы қыздары

Күн тәртібінде:

1. Кәмелетке толмағандар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың, нашакорлықтың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивтік мінез - құлықтың, жыныстық тиіспеушіліктің, тұрмыстық зорлық - зомбылықтың алдын алу шаралары туралы. / ДТЖОЖО А. Тілен. педагог педагог М.Асельбаева /

Тыңдалды:

Сөз алған директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тілен А. жиналыс барысындағы күн тәртібімен таныстырды. Жасөспірімдер мен кәмелетке жасы толмағандар арасында нашакорлықтың, қылмыс пен құқық бұзушылықтың / төбелес, топтық төбелес, бұзақылық, қарулы қақтығыс, ұрлық, суық қару ұстау, бопсалау, әлімжеттік жасау, қорқыту, ақша талап ету т.б./ алдын алу, отшашу, пиротехникалық заттарды пайдалануға, автокөліктерді жүргізу, ұйымдасып кафе, тойханаларда, жеке үйлерде отырыстар ұйымдастыруға, кешкі, түнгі беймезгіл уақытта ойынханаларда отыруға, Занды өкілдерінсіз, Яғни ата – анасыз көшеде жүруге қатаң тыйым салу және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тәрбие жүйесіндегі басты міндеттерді ұғыну, бала тәрбиесіне ата – аналардың жауапкершілігін арттыру, мектеп пен отбасы арасындағы байланысты нығайту, бала тәрбиесіне жан – жақты ықпал жасаудың тиімділігін арттыру туралы сөз қозғады. Сонымен қатар Әкімшілік және қылмыс жасаған адам 16 жасқа толса жауаптылыққа тартылатыны, бұл Қылмыстық кодекспен реттеледі. Ал ауыр және аса ауыр қылмыстар жасаған адамның жауапкершілігі 14 жастан басталады. Мысалы, егер адам бөтеннің мүлкін жасырын ұрласа ол ұрлық болады, ал бөтеннің мүлкін ашық тартып алса бұл тонау қылмысы болады. Қылмыстардың ең ауыры жасөспірімдердің жыныстық тиіспеушілігіне қарсы жасалған қылмыстар. Осыларды айта келе, жасөспірімдерге қатысты жасалынып жатқан құқық бұзушылықтар, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылықтар, нашакорлық алаңдатады, мектеп оқушылары арасында «Темекі шегу – денсаулыққа зиян», «Темекі шегу, ішімдік ішу,, нашакорлық, зиянды әдеттерден аулақ болыңыз» тақырыптарында баяндама оқылып, талқыланып отырғаны туралы баяндап, сөз соңында Абай атамyzдың «Сенде бір кірпіш дүниеде, кетігін тапта бар қалам» деген сөзімен, сөзін сабақтады

Сөз алған педагог психолог М.Асельбаева ерте жүктіліктің, аутодеструктивтік мінез – құлықтың алдын алу шараларына тоқталып өтті. Қазіргі таңда отбасы қиын кезеңді басынан өткізуде. Ажырау мен толық емес отбасылар, отбасындағы кризис, жасөспірімдер арасындағы қылмыс, қоғамдағы жат қылықтардың көбеюі, қазіргі кездегі отбасының жауапкершілігінің төмендеуі, заңсыз отбасын құру, некесіз баланың туылуы, тастанды бала т.б. қалыптасуына әкеліп соқты. Қазіргі кездегі отбасындағы бала тәрбиесінде ата – ананың жауапкершілігінің төмендеуінің салдарынан балаларымыз көше кезіп, қыздарымыз кезбелікке салынып, қаңғыбас бала саны көбейе түсуде. Отбасы тәрбиесінде әсіресе жастарымыздың мейірімділігін, имандылықтың, адамгершіліктің төмендеуі салдарынан әртүрлі жағдайлар туындауда. Баланың бойына өз елінің салт – дәстүрін, ана тілін, дінін, мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу қажет. Соңғы жылдары елімізде адамдардың өз – өзіне қол жұмсауы жиі орын алуда. Көпшілікті алаңдатып отырған «Суицид» деп аталатын осы дерттің мектеп оқушыларын да жағалауы дабыл қағарлық. Балалардың бақытсыздығына, олардың өз-өзіне қол салу әрекеттеріне баруына көп жағдайда отбасындағы жайсыздық пен мектепте түсінбеушіліктің орын алуы себеп болады. Қазақ халқында өз-өзіне қол салу болған емес. Бұл заман өзгерісімен туындап отырған жағдай. Бүгінде қарасаңыз, толық емес, сәтсіз отбасылар көп. Осының бәрі өмірді әлі толық танып білмеген, ондағы қиындықтармен күресе алмайтын бала үшін ауыр соққы. Балалардың бақытсыздығына, олардың өз-өзіне қол салу әрекеттеріне баруына көп жағдайда отбасындағы жайсыздық пен мектепте түсінбеушіліктің орын алуы себеп болады. Балаларға жай ғана киімін, тамағын тауып беру аз, олар үнемі ата-ананың жылуын сезініп, жақсы көретінін біліп өсуі тиіс. Ал әке-шеше өз дәрежесінде көңіл бөлмейтін бала ешкімге керексіздігін түсініп, психологиялық стресске тап болады. Әсіресе, 13-17 жас аралығындағы жасөспірімдер өте әсершіл, кез-келген нәрсені жүрегіне тез қабылдағыш келеді.

Депрессиялық жағдайға түскен адам жиі агрессиялы (ұрысқа, қактығысқа бейім) болады. Сонымен бірге, оның агрессиясы бірінші кезекте өзіне, содан соң жакынына және қоршаған ортасына бағытталады. Көп жағдайда жакындары немесе қоршаған ортасы оның бойындағы өзгерістерді түсінбейді де, қабылдай да алмайды. Ал бұл оны көптеген тығырыққа тіреп, соны суицидке әкеліп соғады. Депрессияға, стресске шалдыққан адам, өзіне көңілі ешқашан толмайды. Осыны пайдаланып, буыны бекіп, өмір туралы өзіндік дүниетанымы калыптасып келе жатқан жастарды желкесінен алып, жолынан тайдыратын, үмітін үзетін, басқа түскен қиындықпен күресуіне жол бермейтін, өмірден түнілдіретін – осы суицид.

Мектепте ертежүктіліктің алдын алу мақсатында 7-11 сынып қыздарымен түрлі тақырыптарда «Қызды қырық үйден тыйым», «Қыз өссе – елдің көркі», «Қыз қылығымен», «Жасөспірімдер арасында ертежүктіліктің алдын алу» т.б. тақырыптарда дөңгелек үстелдер, дәрігер маман иелерімен кездесулер, пікірталастар т.б. ұйымдастырылып отырылды. Мектепте аутодеструктивті мінез – құлыққа бейім оқушыларды анықтау мақсатында оқушылар арасында психодиагностикалық зерттеулер, түзету – дамыту жұмыстары жүргізіліп отырылды.

Мектептегі оқушы қыздарымыздың арасында ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез – құлықтың алдын алу тақырыптарында бірнеше іс-шаралар атқарылды. Жасөспірімдер арасындағы ертежүктіліктің алдын-алу немесе қыз бала тәрбиесіне қатысты тәрбие сағаттары өткізіліп отырылды.. Оқушы қыздардың арасында «Ерте жүктіліктің ертеңі қандай?» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Онда оқушыларға ерте жүктіліктің салдары қандай болады; оның адам өміріне тигізетін келешектегі қауіп-қатері қандай; тағы басқа да осындай үлкен сұрақтың төнірегінде сөз қозғалды.

Жарыссөзге 4 оқушы шығып сөз сөйлеп, өз ой – пікірлерімен бөлісті.

Қаулы:

1. Кәмелетке толмағандар арасында нашақорлық, қылмыс пен құқық бұзушылықтың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез – құлықтың, тұрмыстық зорлық - зомбылықтың алдын алу шаралары жүзеге асырылсын.
2. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру ісі қолға алынсын

Жиналыс төрағасы  А. Тілен

Жиналыс хатшысы:  Ж. Үкибаева

№ 117 «Алтынтөбе» жалпы орта білім беретін мектебінде «Кәмелетке толмағандар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың, ойынқұмарлықтың, кибербуллингтің, электронды темекі/вейп тұтынудың, нашақорлықтың, әлімжеттіктің алдын алу», «Балалардың құқығын қорғау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету» тақырыбында өткізілген ата – аналар жиналысының хаттамасы

Өтетін орын:
Мектептің акт залы

Өтетін уақыт:
27.10.2023ж сағат 16:00-де

Қатысқандар:

Ата – аналар – 48
Мектеп ұжымы – 31

Күн тәртібінде:

1. Мектепте балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың, ойынқұмарлықтың, кибербуллингтің, діни экстремизм мен терроризмнің, әлімжеттіктің, электронды темекі/вейп тұтынудың, нашақорлықтың алдын алу туралы. /Баяндамашы А. Тілен/
2. Ата – аналардың құқықтық сауаттылығын көтеру мақсатында ата – аналардың құқықтары мен міндеттері туралы. /Баяндамашы Л.Амирбекова/

Тыңдалды:

Сөз алған мектеп директоры А.Қамбарова күн тәртібінде қаралатын мәселелерді айтып өтті.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз алған директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А. Тілен мектепте балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың, ойынқұмарлықтың, кибербуллингтің, әлімжеттіктің, діни экстремизм мен терроризмнің, электронды темекі/вейп тұтынудың, нашақорлықтың алдын алу туралы баяндап өтті. Ол өз сөзінде жасөспірімдерге қатысты қылмыс деңгейін төмендету, ерте жүктіліктің және аутодеструктивті мінез-құлықтың, діни экстремизмнің, ойынқұмарлықтың, кибербуллингтің, әлімжеттіктің алдын-алу бойынша іс – шаралар жоспары жасалынып, бекітілген. Балалардың ата-анасы тарапынан «Шыдамсыздық» қағидасын мектепке енгізу мақсатында барлық сынып жетекшілер әр сыныпта ата – аналар ватсабын іске қосып, ата – аналармен тығыз байланыста жұмыстар жүргізуде. Мектепте бала тәрбиесіндегі ата – аналардың жауапкершілігін арттыру, отбасы тәрбиесін насихаттау мақсатында Аналар кеңесі, әжелердің қатысуымен мектептің жоғары 10 – 11 сынып қыздары арасында «Ұл мен қыз – ұлт намысы» кешенді іс – шарасы негізінде «Әжелер тәрбиесі» тақырыбында қыздар арасында жиналыс, «Отбасы-тәрбие айнасы» коучинг, «Отбасылық әдептілік т.б.тақырыптарда іс – шаралар өткізіліп отырылды, «Отбасы құндылықтары» тақырыбында ата – аналардан сауалнамалар алынып отырылды. Жасөспірімдер арасында қылмыс пен құқықбұзушылықтың, ойынқұмарлықтың, кибербуллингтің, діни экстремизм мен терроризмнің, әлімжеттіктің, электронды темекі/вейп тұтынудың, нашақорлықтың алдын алу мақсатында мектептің 7 – 11 сынып ұлдар және қыздар арасында «Кәмелетке толмағандар арасында қылмыс пен құқықбұзушылықтың, ойынқұмарлықтың, кибербуллингтің, әлімжеттіктің, ертежүктіліктің, аутодеструктивтік мінез – құлықтың, алдын алу» тақырыбында баяндамалар оқылып, жиналыстар өткізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырылады. Мектепте мобильдік топ мүшелерінің, ата – аналар кеңесінің қатысуымен айына екі рет мектепішілік рейд, айына бір рет күндізгі, түнгі рейд кестесі түзіліп, кестеге сәйкес профилактикалық рейдтік іс – шаралар жүргізіліп отырылды.

Ата – аналардың жауапкершілігін арттыру мақсатында мектепте ата – аналар жиналысы өткізіліп отырылады. Ата – аналар жиналыстарында «Бала тәрбиелеудегі ата – ананың ролі», «Баланың бас

ұстазы – ата – ана!», «Бала тәрбиелеудегі ата – ананың жауапкершілігі» «Ата – ананың құқықтары мен міндеттері», «Міндетті мектеп формасының сақталуы т.б. тақырыптар қамтылып, талқыланып отырылды. Сонымен қатар мектепте кәмелетке толмағандар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Қылмыссыз жарқын болашақ», «Бала құқығы – адам құқығы» онкүндіктері өз дәрежесінде ұйымдастырылып отырылды. Бала қоғамда өздігінше өмір сүруге толық дайын болуға және әсіресе бейбітшілік, қадір – қасиет, төзімділік, еркіндік, теңдік және ынтымақтастық рухта тәрбиеленуге тиіс. Әрбір бала өмір сүру құқығына міндетті. Бала өз ойын, пікірін еркін жеткізуге құқылы. Ата – ана бала тәрбиелеудің негізгі жауапкершілігін бірге тартады. Әрбір бала өзінің ойлық, рухани, адамгершілік пен әлеуметтік дамуына лайықты өмір деңгейін қамтамасыз етудің негізгі жауапкершілігі ата – анаға жүктеледі.

Білім алу тұлғалық, дарындық, саналық дамуына бағытталуы керек. Білім баланы азат қоғамдағы ересек әрі белсенді өмірге дайындауы керек. Сондай – ақ ол ата – ананы құрметтеуге, халқының мәдени ерекшелігін, тілін, құндылықтарын, ділін құрметтеуге міндетті.

Ұлы ойшыл Әль – Фараби «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» - деген сөз дәлелмен айтылса керек.

Бүгінгі таңда жасөспірімдер арасында, яғни мектеп жасындағы балалардың әртүрлі қылмысқа баруының себебі неде? Қайткенде қылмысты алдын алуға болады?

Бұған отбасындағы тәрбиенің аздығы әсер етеді деп ойлаймын. Президентіміздің жыл сайынғы Жолдауында мектеп оқушыларының біліміне, жалпы ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, мұндай міндетті атқаруға мұғалімдерге қатаң жауапкершілік жүктелді.

Мұғалімдер балаға тек білім беруді ғана мақсат етіп қоймайды, ең алдымен оның ертеңгі күні жан-жақты толыққанды азамат болып шығуына ерекше көңіл бөледі. Алайда неліктен жасөспірімдер арасындағы қылмыс бәсеңдер емес? Менің ойымша балалаға ұлттық тәрбие беруде отбасының ролі ұмыт қалған тәрізді. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің деген, «Отан-отбасынан басталады», - десек ең алдымен балаға тәрбие негізі отбасында қаланады. Тәртіп бар жерде теңдік орнайды, теңдік бар жерде ешкімде шет қалмайды. Жасөспірімдер қылмысына қарсы тұрудың ең тиімді жолы – ол педагогикалық ұжым мен ата-аналар, қамқоршылық кеңестері мен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің бірлескен өзара тығыз әрекеті.

Жалпы алғанда еліміздің әр баласы – мемлекеттің болашағы. Олардың тәрбиесіне, құқығына, қауіпсіздігіне, өміріне мән беріп, бос уақытын қалай өткізетіндігіне назар аудару керек. Балалардың өміріне қатысты барлық жағдайлар елеусіз қалмауы тиіс. Өйткені баланың өмірі мен тағдыры, сауатты білім алуы бәрінен қымбат. Оның қалыптасуына, өмірде дұрыс адам болып өсуіне қоғам болып ат салысуымыз қажет. Ең бастысы, кез келген баланы қылмыс әлемінен алшақтатудың, соның құрығынан құтқарудың жолдарын табуына Сіздерді құрметті ата – аналар үлес қосуға шақырамын! - деп сөзін сабақтады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз алған аға тәлімгер Л. Амирбекова ата – аналардың құқықтық сауаттылығын көтеру мақсатында ата – аналардың құқықтары мен міндеттері туралы баяндап, мектепшілік ереже мен жарғыларымен таныстырып өтті. Ол өз сөзінде оқушылардың, ата – аналардың құқықтары мен міндеттері, яғни мектепте күнделікті сабаққа қатысты заттарды түгел алып келу және сабаққа қатысы жоқ заттарды мектеп ауласына кіргізбеу, сабаққа фото аппараты, бейне камерасы бар (смартфон) ұялы телефондарды алып келмеу, ұстамау, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтау, құқық бұзушылықтың немесе келеңсіз оқиғалардың куәсі болған жағдайда шұғыл тиісті мекемелерге хабарлау, сабақтан тыс уақытта салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында үйірмелерге қатысу, мектеп мүлкіне қамқорлықпен қарау, бөгде тұлғалармен мейлінше қарым-қатынас жасамау, жолда жүрген уақытта жол ережелерін қатаң

ұстану, тиым салынған әлеуметтік желілерді пайдаланбау, кешкі сағат 22:00-ден кейін ойын-сауық орталықтарына, 23:00-ден кейін үй ауласынан тыс жерлерде ата-аналарының ертіп жүруінсіз жүрмеу, мектепке бөгде адамдардың кіруіне қатаң тыйым салу, т.б. туралы айтып өтті.

Сөз алған ата – аналар кеңесінің төрағасы Қ. Өлікүл жасөспірімдерді қылмысқа итермелейтін, ол зиянды әдеттер. Отбасы адамзат қоғамының ең шағын бейнесі. Сондай – ақ жасөспірімдерді қылмысқа итермелейтін нәрсе – әлеуметтік жағдай немесе қиын тұрмыс. Сондықтан да болашақта әлеуеттілікке жеткізетін бірден бір жол – білім жолы, ақыл, жігерлілік, еңбекқорлық дегім келеді деп сөзін сабақтады.

Жарыссөзге 4 адам шығып сөз сөйлеп, өз ой – пікірін білдірді.

Сөз алған мектеп директоры А.Қамбарова жиналысты қорытындылай келе жасөспірімдер арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу жолдарының бірі, сол, оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, пайдалы іспен айналыстыру, яғни қосымша сабақтарға тарту, үйірме жұмыстарына тарту, мектеп пен ата – аналардың арасындағы байланысты дұрыс жолға қою, сонымен қатар салауатты өмір салтын қалыптастыру, спортпен шұғылдандыру деп сөзін қорытындылады.

Қаулы етеді:

1. Мектепте балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың, ойынқұмарлықтың, кибербуллингтің, әлімжеттіктің, діни экстремизм мен терроризмнің, электронды темекі/вейп тұтынудың, нашакорлықтың алдын алу шаралары жүзеге асырылсын.
2. Ата – аналар арасында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың, ойынқұмарлықтың, кибербуллингтің, әлімжеттіктің, діни экстремизм мен терроризмнің, электронды темекі/вейп тұтынудың, нашакорлықтың алдын алу бойынша ақпараттық түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.

Жиналыс төрағасы:

А.Қамбарова

Хатшысы:

Н. Амирбекова





Жүз Он Жетінші Мектеп

1 день · 🌐



II

Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты №117"Алтынтөбе"жалпы орта білім беретін мектебінде 2023 жылдың 08 қараша күні мектептің 5-11 сынып ұлдары арасында оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заңды іс әрекетке саналы түрде ұмтылуға баулу, оқушылар арасында құқықбұзушылыққа қатысты нормативтік актілерді, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың, нашақорлықтың, діни экстремизм мен терроризмнің, кибербуллингтің, электрондық темекі/вейп тұтынудың алдын алу туралы профилактикалық түсіндірме жұмыстары жүргізілді

#құқықбұзушылыққақарсымын

#қалапрокуроры

#қосымшабілімберуорталығы


#Шымкент_қаласы_Білім_басқармасы

#Шымкент_әдістемелік_орталық

#Шымкент_мектеппарламенті_2022


#тәрбиеқұндылықбөлімі

#өзіңөзібасқару_шымкент



Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты №117"Алтынтөбе" жалпы орта білім беретін мектебінде 2023 жылдың 20 қыркүйек күні оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заңды іс әрекетке саналы түрде ұмтылуға баулу, оқушылар арасында құқықбұзушылыққа қатысты нормативтік актілерді, кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылыққа қолданылатын жазалар түрлері бойынша мектеп оқушыларына түсіндірме жұмыстары жүргізілді

#құқықбұзушылыққақарсымын
 #қалапрокуроры
 #қосымшабілімберуорталығы
 #Шымкент_қаласы_Білім_басқармасы
 #Шымкент_әдістемелік_орталық
 #Шымкент_мектеппарламенті_2022
 #тәрбиеқұндылықбөлімі





Жүз Он Жетінші Мектеп

20 окт. • 🌐

...

Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты №117 "Алтынтөбе" жалпы орта білім беретін мектебінде "Біртұтас тәрбие бағдарламасын" іске асыру мақсатында "Тоғыз айға -9 іс-шара" жоспарына сәйкес "Өр талапты, озық ойлы ұлан" жобасы аясында "Нашақорлыққа, алкоголизмге, темекі шегуге жол жоқ" тақырыбында дебаттық пікірсайыс болып өтті

#тәрбие_шымкент_әдістемелікорталық

#шымкент_қаласы_білім_білім_басқармасы

#Біртұтас_тәрбие



15.11.2023 жылы № 117 «Алтынтөбе» жалпы орта білім беретін мектебінде мектептің жоғары 5 – 11 сынып оқушыларының ұл балаларымен «Кәмелетке толмағандар арасында нашакорлық, қылмыс пен құқық бұзушылықтың, аутодеструктивтік мінез - құлықтың, жыныстық тиіспеушіліктің, тұрмыстық зорлық – зомбылықтың, электронды темекі/ вейп тұтынудың, әлімжеттіктің, кибербуллингтің алдын алу шаралары» бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу туралы жиналыстың хаттамасы

Жиналысқа қатысқандар:

ДТЖО А. Тілен
ҰҰЖ А. Қожаналиев
Тәлімгер Л. Амирбекова
7– 11 сынып оқушылар (ұлдар)

1. Кәмелетке толмағандар арасында нашакорлық, қылмыс пен құқық бұзушылықтың, аутодеструктивтік мінез – құлықтың, жыныстық тиіспеушіліктің тұрмыстық зорлық – зомбылықтың, электронды темекі/ вейп тұтынудың, әлімжеттіктің, кибербуллингтің алдын алу шаралары туралы. /ДТЖО А. Тілен.. Педагог – психолог М.Асельбаева /

Тыңдалды:

